АНТИПЛАГИАТ
ОБНАРУЖЕНИЕ ЗАИМСТВОВАНИЙ

Отчет предоставлен сервисом «Антиплагиат» - http://ineu.n06.antiplagiat.com

Отчет о проверке

Автор: Шарипов Е.А.

Название документа: Шарипов Е.А. тапсырмалар жинағы

Проверяющий: Отставной Илья Игоревич

Организация: Товарищество с ограниченной ответственностью "Инновационный Евразийский университет"

РЕЗУЛЬТАТЫ ПРОВЕРКИ



Совпадения: 27,24%

Оригинальность: 72,76%

Цитирования: 0%

Самоцитирования: 0%

«Совпадения», «Цитирования», «Самоцитирования», «Оригинальность» являются отдельными показателями, отображаются в процентах и в сумме дают 100%, что соответствует проверенному тексту документа.

- **Совпадения** — фрагменты проверяемого текста, полностью или частично сходные с найденными источниками, за исключением фрагментов, которые система отнесла к цитированию или самоцитированию. Показатель «Совпадения» – это доля фрагментов проверяемого текста, отнесенных к совпадениям, в общем объеме текста.
- **Самоцитирования** — фрагменты проверяемого текста, совпадающие или почти совпадающие с фрагментом текста источника, автором или соавтором которого является автор проверяемого документа. Показатель «Самоцитирования» – это доля фрагментов текста, отнесенных к самоцитированию, в общем объеме текста.
- **Цитирования** — фрагменты проверяемого текста, которые не являются авторскими, но которые система отнесла к корректно оформленным. К цитированиям относятся также шаблонные фразы; библиография; фрагменты текста, найденные модулем поиска «СПС Гарант: нормативно-правовая документация». Показатель «Цитирования» – это доля фрагментов проверяемого текста, отнесенных к цитированию, в общем объеме текста.
- **Текстовое пересечение** — фрагмент текста проверяемого документа, совпадающий или почти совпадающий с фрагментом текста источника.
- **Источник** — документ, проиндексированный в системе и содержащийся в модуле поиска, по которому проводится проверка.
- **Оригинальный текст** — фрагменты проверяемого текста, не обнаруженные ни в одном источнике и не отмеченные ни одним из модулей поиска. Показатель «Оригинальность» – это доля фрагментов проверяемого текста, отнесенных к оригинальному тексту, в общем объеме текста.

Обращаем Ваше внимание, что система находит текстовые совпадения проверяемого документа с проиндексированными в системе источниками. При этом система является вспомогательным инструментом, определение корректности и правомерности совпадений или цитирований, а также авторства текстовых фрагментов проверяемого документа остается в компетенции проверяющего.

ИНФОРМАЦИЯ О ДОКУМЕНТЕ

Номер документа: 62

Тип документа: Не указано

Дата проверки: 07.03.2025 09:56:09

Дата корректировки: Нет

Количество страниц: 76

Символов в тексте: 42238

Слов в тексте: 5621

Число предложений: 914

Комментарий: не указано

ПАРАМЕТРЫ ПРОВЕРКИ

Выполнена проверка с учетом редактирования: Да

Исключение элементов документа из проверки: Нет

Выполнено распознавание текста (OCR): Нет

Выполнена проверка с учетом структуры: Нет

Модули поиска: Перефразирования по СПС ГАРАНТ: аналитика, СМИ России и СНГ, СПС ГАРАНТ: аналитика, Перефразирования по коллекции IEEE, Кольцо вузов, IEEE, Медицина, Сводная коллекция ЭБС, Публикации РГБ, Патенты СССР, РФ, СНГ, СПС ГАРАНТ: нормативно-правовая документация, Перефразированные заимствования по коллекции Интернет в английском сегменте, Цитирование, ИПС Адилет, Публикации eLIBRARY, Переводные заимствования (RuEn), Перефразирования по Интернету, Переводные заимствования по коллекции Гарант: аналитика, Переводные заимствования, Шаблонные фразы, Перефразированные заимствования по коллекции Интернет в русском сегменте, Перефразирования по Интернету (EN), Переводные заимствования по Интернету (KkRu), Переводные заимствования (KkEn), Кольцо вузов (переводы и перефразирования), Коллекция НБУ, Переводные заимствования по Интернету (EnRu), Издательство Springer Nature, Диссертации НББ, Публикации РГБ (переводы и перефразирования), Публикации eLIBRARY (переводы и перефразирования), Переводные заимствования IEEE, Переводные заимствования по коллекции Интернет в английском сегменте, Переводные заимствования по коллекции Интернет в русском сегменте, Интернет Плюс, Собственная коллекция компании, Собственная коллекция (переводы и перефразирования)

ИСТОЧНИКИ

№	Доля в тексте	Доля в отчете	Источник	Актуален на	Модуль поиска	Комментарий
[01]	17,17%	17,17%	Жалпы білім беру ұйымдарына а... https://adilet.zan.kz	07 Окт 2024	Интернет Плюс	
[02]	5,49%	5,49%	Өзін-өзі тану пәніне арналған ə... https://ust.kz	13 Мар 2020	Интернет Плюс	
[03]	5,47%	0%	Балаларға арналған ең мәнді әрі... https://kaz.nur.kz	20 Фев 2024	Интернет Плюс	
[04]	5,47%	0%	Балаларға арналған ең мәнді әрі... https://kaz.nur.kz	08 Апр 2024	Интернет Плюс	
[05]	5,27%	0%	Етікші | 1Referat.kz Қазақша мəл... http://1referat.kz	02 Окт 2015	Интернет Плюс	
[06]	5,14%	0%	Балаларға арналған ең мәнді әрі... https://kaz.nur.kz	05 Ноя 2024	Интернет Плюс	
[07]	4,28%	4,28%	"ертегілер əлемі" - внеурочная р... https://kopilkaurokov.ru	29 Дек 2024	Интернет Плюс	
[08]	4,25%	0%	МАКИШЕВА А.Х., ЗАХЛЕБАЕВА В....	01 Мар 2024	Кольцо вузов	
[09]	3,77%	0%	Авторлық жұмыс "Ертегілер жин... https://infourok.ru	23 Апр 2024	Интернет Плюс	
[10]	2,8%	0,3%	Разработка урока в 6 классе на т... https://infourok.ru	10 Окт 2022	Интернет Плюс	
[11]	0,51%	0%	Анализ особенностей работы ка... http://referat.star-info.ru	28 Янв 2017	Переводные заимствования по Интернету (KkRu)	Источник исключен. Причина: Маленький процент пересечения.
[12]	0,49%	0%	4.6.pdf https://special-edu.kz	23 Окт 2024	Интернет Плюс	Источник исключен. Причина: Маленький процент пересечения.
[13]	0,46%	0%	v17015605_1.01-09-2019.rus.docx https://adilet.zan.kz	04 Мар 2025	Переводные заимствования по коллекции Интернет в русском сегменте	Источник исключен. Причина: Маленький процент пересечения.
[14]	0,37%	0%	v17015605_1.01-09-2019.rus.pdf https://adilet.zan.kz	04 Мар 2025	Переводные заимствования по коллекции Интернет в русском сегменте	Источник исключен. Причина: Маленький процент пересечения.
[15]	0,26%	0%	«Ұлттық квалификациялық тесті...	18 Июн 2022	Кольцо вузов	Источник исключен. Причина: Маленький процент пересечения.
[16]	0,26%	0%	Хорезм Ж.С.МД	30 Мая 2024	Кольцо вузов	Источник исключен. Причина: Маленький процент пересечения.

«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ №2 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ» КММ

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің «Бейнелеу өнері» пәнінен

жұмыс дәптері

5-сынып

Шарипов Еламан Аскарович
көркем еңбек мұғалімі

Павлодар, 2024 жыл

Түсініктеме хат

5-сыныпқа арналған әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау пәнінен жұмыс дәптері «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 88-қосымшасына» және ««Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына» сәйкес әзірленген. Жұмыс дәптеріндегі таспымалар құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктері, қызығушылықтары, дайындық деңгейі ескерілген.

Жұмыс дәптерінің мақсаты: Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар 5-сынып оқушыларының бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру, көркемдік дағдыларын дамыту, бейнелеу жанрларын (портрет, пейзаж, натюрморт) меңгерту және өз ойын сурет арқылы жеткізуге үйрету.

Міндеттері:

- ✓ Бейнелеу өнерінің негізгі ұғымдарын қарапайым әрі түсінікті түрде ұсыну.
- ✓ Оқушыларға практикалық тапсырмалар арқылы көркемдік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беру.
- ✓ Бейнелеу өнерінің жанрлары туралы білім қалыптастыру (портрет, пейзаж, натюрморт).
- ✓ Сурет салу барысында бояу түсін, пішіндерін дұрыс таңдау дағдысын қалыптастыру.
- ✓ Оқушыларды бірізділікпен жұмыс жасауға және өз жұмысын бағалауға үйрету.

Құрылымы:

Дәптер бөлімдерден тұрады, әр бөлім оқушылардың күнделікті өміріне қатысты нақты тақырыптарды қамтиды. Әрбір бөлімде теориялық материалдар, практикалық тапсырмалар, суреттер, кестелер беріледі.

Тапсырма түрлері:

- ✓ Суреттерді сәйкестендіру;
- ✓ Қысқа мәтіндерді оқу және сұрақтарға жауап беру;
- ✓ Кестелерді толтыру;
- ✓ Берілген жағдаятты талдау және дұрыс шешімді таңдау;
- ✓ Коллаж жасау, рөлдік ойын көрсету;
- ✓ «Дұрыс-бұрыс» тапсырмалары;

Қолдану бойынша ұсыныстар:

- ✓ негізгі немесе қосымша материал ретінде;
- ✓ өз бетінше әрекет етуге дағдыландыру барысында;
- ✓ күнделікті өмірге бейімдеуге;
- ✓ үйде қолдау көрсетуге.

Жұмыс дәптері 5-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәні бойынша жұмыс дәптері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға,

көркемдік талғамын қалыптастыруға және бейнелеу өнерінің негізгі ұғымдарын меңгеруге көмектесетін маңызды құрал болып табылады.

Дәптердегі тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сай әзірленген. Олар теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, көркем ойлау, қиялды дамыту және сурет салу дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар бірлесіп жұмыс істегенде, бұл құрал оқушылардың өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамытуына, өнерге деген қызығушылығын арттыруға және эстетикалық талғамын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жұмыс дәптерін жүйелі және белсенді пайдалану оқушылардың көркемдік қабілеттерін дамытып, олардың сурет салуда өз ойын еркін жеткізе білуіне мүмкіндік береді.

1-бөлім «Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу»

1-сабақ
Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар

Мақсаты: 5.1.1.1 бейнелеу өнеріндегі келесі жанрларды білу: портрет, натюрморт, пейзаж;
5.1.1.4 композиция туралы түсінігі болу.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.
- Портрет дегеніміз не?
- Натюрморт дегеніміз не?
- Пейзаж дегеніміз не?

2-тапсырма.Төменде берілген суреттерді сәйкестендір.

ПОРТРЕТ ***НАТЮРМОРТ*** ***ПЕЙЗАЖ***

3-тапсырма. Төменде көрсетілген композияцияны талдау. Сұрақтарға жауап беру.

- *Суретте неше элемент бар?*
- *Қандай бөліктер бір-біріне қарама-қарсы орналасқан?*
- *Негізгі нысан қай жерде орналасқан?*
- *Бұл суретте композиция қалай орналасқан?*
- *Негізгі элемент қандай?*

4-тапсырма. «Өз портретіңді сал»

2-сабақ
Сезімдерді білдіру мен иеларды қолдану

Мақсты: 5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу.

1-тапсырма. «Көңіл-күй мен түс» ойыны
Әртүрлі түстердің суреттері беріледі. Сол түстерге сәйкес келетін эмоцияларды анықта. Ойлану арқылы осы түстердің эмоциямен байланысын талқыла. Суреттегі түстерді бейнелейтін эмоцияларды түсіну үшін ойыңызбен байланыстырып көр.

Қызыл түс қандай эмоцияны білдіреді?

Көк түс қандай эмоцияны білдіреді?

Сары түс қандай көңіл-күйді білдіруі мүмкін?

2-тапсырма. Суреттегі адамның эмоциясын анықтау тапсырмасы
Әртүрлі эмоциялар бейнеленген суреттер арқылы суреттегі адамның қандай күйде екенін түсініп, сезімін ата.

3-тапсырма. Эмоцияларды сурет арқылы көрсету тапсырмасы

Қандай көңіл-күйде, сезімде екенін түрлі-түсті қарындаш арқылы бейнеле.

2 – бөлім «Шығармашылық туындыларды жарату және жасау»

3 – сабақ
Сәндеп сурет салу

Мақсаты:
5.2.1.1 геометриялық және өсімдік элементтерінен сызық бойына, шыршаға, шеңберге және орталыққа бағытталған сызыққа өрнектер жасау
5.2.1.2 сурет контурын сақтай отырып, өрнек элементтерін бояу.

1-тапсырма. Геометриялық элементтерден өрнек жасау тапсырмасы.
Геометриялық элементтер (шеңбер, сызық, үшбұрыш, төртбұрыш) берілді. Осы элементтерді пайдаланып, сызық бойына өрнек жасау қажет.



2-тапсырма. Шыршаға бағытталған өрнек жасау тапсырмасы. *Көрсетілген фигураларды пайдалана отырып, шырша құра. Оны көрсетілген әртүрлі геогметриялық фигуралармен безендір.*



3-тапсырма. Өрнектерді бояу және контурды сақтау тапсырмасы. Оюларды акварель қолдану арқылы боя.





4-сабақ
Тақырыптық сурет салу

Мақсаты:
5.2.2.2 көріп бақылау немесе оқу арқылы алған сезімдерін суретке түсіре білу.

1-тапсырма. "Күзгі орман"тапсырмасы. Күзгі орманды көз алдына елестетіп, оның бояулары мен табиғатын түсінуге тырыс. Түрлі ағаштар, жапырақтар және жануарларды өз суреттерінде гуашь бояуын қолдана отырып, бейнеле.

2 – тапсырма. "Менің көңіл-күйім". *Қуанышты көңіл-күйді ашық түстермен, мұңды көңіл-күйді суық түстермен көрсет. Дайын суретті қысқаша сипаттап, не себепті осы түстерді таңдағанын айтып бер.*

3 – тапсырма. "Ертегі әлемі". Ертегіні оқы, ертегі желісі бойынша өз қиялдарынан сурет сал.

Ерте заманда бір кедей етікші болыпты. Бала-шағасы көп екен. Үй-ішін асырау үшін ол ел аралап, қобдиын құшақтап жүріп, етік тігіпті. Күндердің күнінде қобдиын қолтықтап, таныс емес бір ауылға аттанады. Бұрын жүрмеген жолы болған соң, етікші адасып кетеді. Түн болады. Ақырында, етікші далада жалғыз тұрған иесіз үйге кездеседі. Иесіз қыстаудың ішіне кірген етікші пештің үстіне шығып, қобдиын басына төсеп жата кетеді. Бір уақытта салдыр-гүлдір еткен бір нәрсенің даусы шығады. Етікші есікке қараса маңдайында жарқыраған жалғыз көзі бар, бір еңгезердей дәу кіріп келе жатыр екен.

— Пеш үстінде жатқан қандай адам? – деп сұрайды дәу. Етікші:

— Бұл - етікші, – деп жауап береді.

— Бізге керек шебер етікшімісің? – дейді. Сонан соң дәу бұйырып:

— Кәне, бері кел, шебер, мына үйге кір. Егер ертеңге дейін бір керемет етік тіксең, жаның аман қалады. Ал, егер орындамасаң, басыңды аламын, – дейді де етікшіні ішке кіргізеді.

Дәудің өзі есіктің алдына жатып ұйқыға кіріседі. Етікші ішінен:

— Енді өмірім жойылды, өліп кетсем, бала-шағамды кім асырар екен? – деп үрейленеді.

Амалы таусылған етікші таң атқанша отырып ғажайып етік тігеді. Етіктің сыртқы көрінісінің басқа етіктерден айырмашылығы - ұшы тіп-тік сүйір, жоғары көтеріліп тұрады. Ал оның бір керемет қасиеті - аяғына киген адам аспанға қалықтап ұшып, баратын жеріне лезде жетіп барады. Бірақ ол дәудің оны оңай үйіне жібере қоймасын біліп:

— Бәрібір дәу қолынан өлемін. Одан гөрі бұл дәуді өзім өлтірейін, – деп, өткір пышағын алады.

Дәу ұйқыға кетті-ау деген кезде, етікші етігін киіп, сыртқа шығады. Қалықтап ұшқан күйі қолындағы пышағымен дәудің жалғыз көзін түйреп алады. Дәу бақырып:

— Ер болсаң, екі соқ, – дейді. Етікші:

— Бір де жетер, – деп, дәудің үстінен ұшып өтеді. Ал, дәу жарақаттан табанда өлген екен дейді.

Етікші сыртта тұрып әрі ойлап, бері ойлап, иесіз үйдің төбесіне шығып түнейді. Таң атқан соң, дәудің үйін аралап, қарап шығады. Үйдің бір қараңғы жерінде темір сандық тұр екен. Етікші темір сандықты әзер дегенде ашады. Оның іші толған алтын-күміс екен. Бұдан кейін етікші алтын мен күмісті керегінше алып, ғажайып етігін киіп, үйіне ұшып келеді.

Дәуден алған байлығының жартысын еліндегі жетім-жесірлерге таратып береді.

Осылай, етікші тұратын ауылдың тұрмыстары жақсарып, мұраттарына жетеді. Ал, қартайған кезінде етікшіні балалары асырапты.

5-сабақ
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу

Мақсаты: 5.2.3.1 жеке бақылауларын суретке түсіре білу;
5.2.3.2 суретте бейнеленетін заттардың салыстырмалы көлемін көрсете білу.

1-тапсырма. «Күнделікті заттар». Берілген үлгідегі заттарды қарама-қарсы бағанда түрлі-түсті қарындаштарды қолдана отырып, көшірмесін сал.

2 – тапсырма. «Сүйікті ойыншығым». Геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, сүйікті ойыншығының суретін сал.

3 – тапсырма. Үйде қолданылатын әртүрлі ыдыстардың түпнұсқаларына қарап, көшірмесін бейнеле.

6-сабақ
Бейнелеу өнерінің тәсілдері

Мақсаты: 5.2.4.1 әр түрлі көлемді қыл қаламмен жұмыс істей білу,қыл қаламның ұшымен немесе толық көлемімен сурет салу;
5.2.4.2 көрініс объектісін талдай білу: пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстыру;
5.2.4.3 қол жетімді құралды қолдана отырып, зат көлемін көрсету;
5.2.4.4 түстің айқындығын бояуға су қосу арқылы әлсірету;
5.2.4.5 сурет салуда біріздiлікті сақтау;
5.2.4.6 суретте заттың пішінін, құрылымын, үйлесімділігі мен түсін бере білу;
5.2.4.7 симметриялық пішінді заттардың суретін салу барысында ортаңғы сызық бойымен жұмыс істей білу.

1 – тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңыз. Берілген құралдардың қайсысы қандай мақсатта қолданылатынын жазыңыз.

№	Құрал атауы	Қолдану мақсаты (не үшін қолданылады?)
1	Жіңішке қылқалам	
2	Қалың қылқалам	
3	Су	
4	Акварель бояуы	
5	Пастель бояуы	

2 – тапсырма. Төмендегі заттар мен олардың сипаттамаларын сәйкестендіріңіз.

№	Сурет салу элементтері	Сипаттамасы
1	Пейзаж	Адамның бет-бейнесін бейнелеу
2	Натюрморт	Табиғат көрінісін бейнелеу
3	Портрет	Заттар мен жемістерді бейнелеу
4	Композиция	Суреттегі заттардың үйлесімі

3 – тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

№	Сөйлем	Дұрыс (✓)	Бұрыс (✗)
1	Акварель бояуына су қосқанда түсі ашық болады.		
2	Қылқаламды тек бір бағытта жүргізу керек.		

3	***Композиция – суреттегі заттардың үйлесімі.***		
4	***Пейзаж – адамның бейнесін салу.***		
5	***Қалың қылқалам ұсақ детальдарды салуға қолайлы.***		

4 – тапсырма. Төменде көрсетілген фигуралар мен пішіндердің симметрия әдісін пайдалана отырып, суретті жалғастыр.



7-сабақ
Жоспарлау

Мақсаты: *5.2.5.1 өрнектің суретін салу кезінде біріздiлікті сақтау;*
5.2.5.2 сурет салу кезінде біріздiлікті сақтау.

1 – тапсырма. Төмендегі өрнек немесе сурет салу кезіндегі қадамдарды дұрыс ретпен орналастырыңыз.

№	Сурет салу қадамы	Дұрыс реті
1	Суреттің негізгі бөліктерін белгілеу	
2	Қаламмен немесе қылқаламмен контур сызу	
3	Өрнектің бөлшектерін толықтыру	
4	Қателерді түзету, артық сызықтарды өшіру	
5	Суретті бояу немесе штрихтау	

2 – тапсырма. Сурет немесе өрнек салуда қолданылатын құралдарды олардың қолдану мақсатына сәйкестендіріңіз.

№	Құрал атауы	Қолдану мақсаты
1		Суреттің алғашқы нобайын жасау
2		Қателерді түзету
3		Бояу жұмыстарын орындау
4		Түзу сызықтарды салу

3 – тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

№	Сөйлем	Дұрыс (✓)	Бұрыс (✗)
1	Өрнек салғанда қадамдарды сақтау маңызды.		
2	Бірден бояуға кірісу ең дұрыс тәсіл.		
3	Контур сызбасынсыз сурет толық көрініс бере алады.		
4	Өрнектің бөлшектерін бірдей қашықтықта орналастыру қажет.		
5	Сызғышты тек математикалық есептерде қолданамыз.		

3 – бөлім «Шығармашылық жобалау»

8-сабақ

Презентация

***Мақсаты**: 5.3.1.1 өз жұмысының (сызба,сурет)мазмұны, тәсілін, орындалуын түсіндіре отырып, таныстыру;*
5.3.1.2 жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау.

1 – тапсырма. Өз жұмысыңызды таныстыру үшін төмендегі кестені толтырыңыз.

№	Сұрақтар	Жауап
1	Жобаның немесе суреттің атауы қандай?	
2	Бұл жұмысты қандай материалдармен жасадыңыз?	
3	Сурет салу немесе сызба жасау кезінде қандай тәсіл қолландыңыз?	
4	Жұмысты орындау барысында қандай қиындықтар кездест?	
5	Өзіңіздің жұмысыңызға қандай баға берер едіңіз?	

2 – тапсырма. Төмендегі сөздер мен олардың анықтамаларын дұрыс сәйкестендіріңіз.

№	Сөздер	Анықтамалар
1	Презентация	Өз жұмысыңды таныстыру процесі
2	Жоспарлау	Жұмыс ретін, қандай материалдар қолданылатынын анықтау
3	Орындау	Сызба немесе суретті салып шығару
4	Талдау	Жұмыс сапасын тексеру, қателерін түзету

3 – тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

№	Сөйлем	Дұрыс (✓)	Бұрыс (✗)
1	Презентация жасау кезінде өз жұмысың туралы түсіндіру керек.		
2	Жұмысты таныстырғанда тек оның атауын айту жеткілікті.		
3	Сурет немесе сызба салған кезде оның ретін сақтаудың қажеті жоқ.		
4	Өз жұмысыңды талдап, бағалау		

	маңызды.		
5	*Презентацияда тек сурет көрсету жеткілікті, ештеңе айтудың қажеті жоқ.*		

4 – тапсырма. Суретті немесе сызбаны орындау ретін дұрыс орналастырыңыз.

№	***Қадамдар***
1	*Қорытынды жасап, жұмысты бағалау.*
2	*Жоспар жасау: қандай сурет немесе сызба салатынын анықтау.*
3	*Тақырыпқа сәйкес материалдарды дайындау.*
4	*Суреттің негізгі элементтерін сызу.*
5	*Бояу немесе көлеңке беру арқылы толықтыру.*

Жауабы: ☐ → ☐ → ☐ → ☐ → ☐

2 – тоқсан

1-бөлім «Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу»

9-сабақ

Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар

Мақсаты: 5.1.1.1 туындының белгілері мен ерекшеліктеріне байланысты оның жанрын анықтау.

1-тапсырма. Өнер туындыларының сипаттамасын дұрыс жанрымен сәйкестендіріңіз.

№	Сипаттама	Жанр
1	Табиғат көрінісі, орман, көл, таулар бейнеленген.	Тарихи жанр
2	Бір немесе бірнеше адам бейнесі салынған.	Натюрморт
3	Күнделікті өмір көріністері мен тұрмыс-салт бейнеленген.	Портрет
4	Жемістер, гүлдер немесе тұрмыстық заттар бейнеленген.	Пейзаж

2 – тапсырма. Берілген тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

№	Тұжырым	✓ / ✗
1	Портрет – бұл адамның бейнесі салынған өнер туындысы.	
2	Натюрмортта тек адамдар бейнеленеді.	
3	Пейзаж – табиғат көрінісін бейнелейтін жанр.	
4	Тарихи жанр – тарихи оқиғаларды суреттейтін жанр.	

3 – тапсырма. Берілген суреттің жанрын анықтаңыз және оның ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Сұрақтар:

1. ***Бұл қандай жанрдағы сурет?***
2. ***Қандай белгілері арқылы жанрын анықтауға болады?***
3. ***Бұл суретте қандай түстер басым?***
4. ***Сурет сізге қандай көңіл-күй сыйлайды?***

10-сабақ
Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану

Мақсаты: 5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу.

1-тапсырма. "Сезімдерді тап!" (Сәйкестендіру тапсырмасы). Эмоцияларды ата және оларды сипатта.

Ашу ***Таңғалу*** ***Мұңаю*** ***Қорқу***

2-тапсырма. Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бер.



Сұрақтар
Бірінші адамның эмоциясы қандай? *Екінші адамның эмоциясы қандай?* *Бұл адамдардың сезімдері қалай көрініс тапты?* *Бұл адам неге ашулы болып көрінеді?* *Қандай белгілер оның ашуланғанын көрсетеді?*

3-тапсырма. Кесте бойынша сұрақтарға жауап бер. Эмоциялар мен суреттердің сәйкестігін анықтау үшін кестеге назар аудар және сәйкес келетінін жаз.

Сурет №	***Эмоция***	***Сипаттама***
1	***Қуаныш***	***Көздері төмен қараған, қасқырлап жылап тұрған адам.***
2	***Ашулану***	***Қорқып тұрған адам, бет әлпеті үрейлі.***
3	***Қорқыныш***	***Күлімсіреп тұрған адам, қолдар жоғары көтерілген.***
4	***Қайғы***	***Ашулы бет, айқайлап тұрған адам.***

2 – бөлім «Шығармашылық туындыларды жарату және жасау»

11 – сабақ
Сәндеп сурет салу

Мақсаты:
5.2.1.1 геометриялық және өсімдік элементтерінен сызық бойына, шыршаға, шеңберге және орталыққа бағытталған сызыққа өрнектер жасау
5.2.1.2 сурет контурын сақтай отырып,өрнек элементтерін бояу.

1-тапсырма. Геометриялық өрнек салу (Кесте арқылы). Түрлі геометриялық пішіндер берілді (шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш және т.б.). Осы пішіндерді сызық бойына, шыршаға немесе шеңберге бағыттап өрнектер салу керек.

Геометриялық пішіндер	***Өрнек жасау үшін қолданылатын бағыттар***
	Орталыққа бағытталған сызықтар арқылы
	Сызық бойымен таралу, орталыққа бағытталған
	Шеңберге немесе сызыққа бағыттау

2-тапсырма. Көрсетілген өсімдік элементтерінен өрнек жасау қажет.

Өсімдік элементтері	***Өрнек жасау бағыттары***
	*Сызық бойымен, шеңбердің ішіне бағыттау*

	*Орталықтан сыртқа қарай салу*
	*Тік немесе қисық сызықтарға бағыттау*

3-тапсырма. Өрнек контурын сақтап, гуашьпен бояу қажет.



12-сабақ
Тақырыптық сурет салу

Мақсаты:

5.2.2.1 үлгіге қарап мерекеге арналған ашық хатты дайындау;

5.2.2.2 көріп бақылау немесе оқу арқылы алған сезімдерін суретке түсіре білу;

5.2.2.3 автокөлік суретін салу.

1-тапсырма. Мерекеге арналған ашық хат дайындау керек. Өз шығармашылығын пайдалана, оны безендіреді.

2-тапсырма.Берілген автокөлік суретін түрлі-түсті қарындашпен боя.



13-сабақ
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу

Мақсаты: 5.2.3.1 жеке бақылауларын суретке түсіре білу;
5.2.3.2 суретте бейнеленетін заттардың салыстырмалы көлемін көрсете білу.

1-тапсырма. Заттардың салыстырмалы көлемін көрсетеді. Үш түрлі зат (мысалы, алма, кітап және қорап) беріледі. Осы заттардың әрқайсысын салыстырмалы көлемде қағазға салуы керек.

	Алманың көлемі кітапқа қарағанда қандай болады?
	***Қораптың көлемі алмаға қарағанда қалай үлкен?***
	Бұл заттарды салу кезінде қандай өлшемдерді байқадыңыз?

2-тапсырма. Түс пен пішіндерді сәйкестендір.

Пішіні	***Түсі***	***Заттың атауы***
Тікбұрыш	*Жасыл*	*Доп*

Дөңгелек	*Қызыл*	*Кітап*
Шар	*Сары*	*Алма*

3-тапсырма. Суретке түсірілген заттардың пішінін, көлемін және орналасуын салыстыру үшін кесте толтырыңыз.

№	***Заттың атауы***	***Пішіні***	***Көлемі (үлкен/кіші)***	***Салыстырмалы көлемі***
1	*Алма*	*Дөңгелек*	*Үлкен*	*-*
2	*Сәбіз*	*Ұзынша*	*Кішкене*	*Сәбіз - алмаға қарағанда кішірек*
3	*Кітап*	*Төртбұрышты*	*Орташа*	*Кітап - алмаға қарағанда кіші, бірақ сәбізден үлкен*
4	*Тостаған*	*Дөңгелек*	*Орташа*	*Тостаған - кітаптан үлкен, сәбізден кіші*

Тапсырма шарты:

- ***Суретте көрсетілген заттардың салыстырмалы көлемдерін дұрыс көрсетіңіз.***
- ***Сурет салу кезінде олардың пішінін және көлемін нақты салыстырыңыз.***

14-сабақ
Бейнелеу өнерінің тәсілдері

Мақсаты: 5.2.4.1 әр түрлі көлемді қыл қаламмен жұмыс істей білу,қыл қаламның ұшымен немесе толық көлемімен сурет салу;
5.2.4.2 көрініс объектісін талдай білу: пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстыру;
5.2.4.3 қол жетімді құралдық бөліктерінің көлемін салыстыру;
5.2.4.4 түстің айқындығын бояуға су қосу арқылы әлсірету;
5.2.4.5 сурет салуда біріздiлікті сақтау;
5.2.4.6 суретте заттың пішінін, құрылымын, үйлесімділігі мен түсін бере білу;
5.2.4.7 симметриялық пішінді заттардың суретін салу барысында ортаңғы сызық бойымен жұмыс істей білу.

1-тапсырма. Кесте толтыру (Қыл қаламмен жұмыс). Әр пішін үшін қыл қаламның қай бөлігімен жұмыс істейтінін таңдауы және тиісті түсті көрсетуі керек.

Сұрақтар	***Қыл қаламның қай бөлігімен саласың?***	***Пішіні мен түсін таңда***
Шар пішінді зат	Ұшы немесе толық көлемі	Қандай түс қолданасың?
Тікбұрышты пішін	Ұшы немесе толық көлемі	Қандай түс қолданасың?
Тең бұрышты зат	Ұшы немесе толық көлемі	Қандай түс қолданасың?

2-тапсырма. Сәйкестендіру тапсырмасы. Көрініс объектісін талдай білу, пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстырады.

	А) Қара түс

	В) Ақ түс
	С) Сары түс
	*Д) Көк түс*

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1.Сурет салудың қай кезеңінде біз пішіндердің дұрыс орналасуын тексеруіміз керек?

Жауап:

2.Қыл қаламның ұшымен және толық көлемімен жұмыс істегенде қандай айырмашылықтар бар?

Жауап:

3.Бояу кезінде түс айқындығын қалай реттей аламыз?
***Жауап**:*

4-тапсырма. Сурет салу – симметриялық пішіндер. Симметриялық пішіндердің мысалдары берілді. Оларға ортаңғы сызық бойымен дәл симметриялық түрде сурет салып аяқтау қажет.

15-сабақ
Жоспарлау

Мақсаты: 5.2.5.1 өрнектің суретін салу кезінде біріздiлікті сақтау
5.2.5.2 сурет салу кезінде біріздiлікті сақтау

1-тапсырма. Кесте толтыру (Өрнек салу). Әр өрнекті дұрыс салу үшін кестедегі әрекеттерді орындап, біріздiлікті сақтауы қажет.

Өрнек түрі	***Өрнек салу кезіндегі әрекет***	***Біріздiлік сақтау жолы***
Тік сызықтар	*Бір-бірінен арақашықтық сақтай отырып, тік сызықтар салу*	*Тік сызықтар бірінен кейін бірі дұрыс орналасқанын тексеріңіз.*
Дөңгелек	*Ортасынан басталып, біртіндеп үлкендеу дөңгелектер салу*	*Әрбір дөңгелектің көлемі біркелкі болуы керек.*
Жолақтар	*Бірдей енде жолақтар салу*	*Жолақтардың ені бірдей болуы тиіс.*

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.
1.Өрнек салу кезінде ең алдымен не істеу керек?
Жауап:

2.Өрнектің әр бөлігін салу кезінде біріздiлікті сақтау неліктен маңызды?
Жауап:

3.Сурет салудың қай кезеңінде біріздiлікті сақтау өте маңызды?
Жауап:

3-тапсырма. Өрнек салу жаттығуы. Түрлі геометриялық пішіндер (шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш) беріліп, оларды біріздiлікпен, нақты ретпен сал. Әр пішіннің дұрыс орналасуын және біріздiлікті сақтау керектігін ескеру керек.

Төмендегі қадамдарды орында:

- *Шеңбер салыңыз.*
- *Одан кейін төртбұрыш салыңыз.*
- *Үшбұрышты соңында салыңыз.*



3 – бөлім «Шығармашылық жобалау»
16-сабақ
Презентация

Мақсаты: *5.3.1.1 өз жұмысының (сызба, сурет)мазмұны, тәсілін, орындалуын түсіндіре отырып, таныстыру;*
5.3.1.2 жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау.

1-тапсырма. Өз жұмыстарын түсіндіріп, кестедегі бағандарға өз жұмыстарын сипаттауы керек. Әр жұмыстың мазмұнын, қолданған тәсілдерін және жұмысы туралы өз түсінігін жазу қажет.

Жұмыс түрі	***Тапсырманың мазмұны***	***Қолданған тәсілдер***	***Сіздің жұмысыңыз туралы түсінік***
Сурет	*Өсімдіктерді салу*	*Акварель, қыл қалам*	*Қандай өсімдіктерді салдыңыз? Неліктен оларды таңдадыңыз?*
Сызба	*Үйдің сызбасын жасау*	*Сызғыш, карандаш, түстер*	*Үйдің қандай бөлмелерін көрсеткіңіз келді?*
Коллаж	*Жабайы жануарларды салу*	*Түрлі-түсті қағаз, желім*	*Жабайы жануарлар туралы не білесіз?*

2-тапсырма. Сұрақтарға дұрыс жауап бер.
1.Сіз өз жұмысыңызды бастамас бұрын қандай жоспар құрдыңыз?
Жауап:

2.Жұмыс барысында қандай қиындықтар туындады және оларды қалай шештіңіз?
Жауап:

3.Өзіңіздің жұмыс сапасын қалай бағалайсыз? Не нәрсеге көңіл бөлдіңіз?
Жауап:

3-тапсырма. Сәйкестендіру (Жұмыс тәсілдері мен мазмұны). Әр жұмыс тәсілін дұрыс мазмұнымен сәйкестендіріп таңдайды.

1. ***Акварельмен сурет салу*** — ***а.Өсімдіктер мен гүлдер***
2. ***Қыл қаламмен сызба жасау*** — ***б.Үйдің ішкі құрылымы***
3. ***Коллаж жасау*** — ***с.Жабайы жануарлар***
4. ***Графикалық сурет салу*** — ***д.Пейзаж немесе табиғат***

4-тапсырма. Жұмыс сапасын талдау. Жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау керек.

1. *Қай кезеңде жұмыстың сапасы жақсарды? (Мысалы, белгілі бір әдіс қолданылғанда немесе жұмыс жоспары дұрыс құрылғанда)*
2. *Жұмыстың сапасын жақсарту үшін қандай әрекеттер жасадыңыз? (Мысалы, жұмыс кезінде түзету енгізу немесе қосымша материалдар пайдалану)*

3 – тоқсан

1-бөлім «Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу»

17-сабақ

Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар

Мақсаты: 5.1.1.3 әйгілі суретші-пейзажисттерді білу.

1-тапсырма. Сәйкестендіру тапсырмасы. Әйгілі суретшілер мен олардың картиналарын сәйкестендір.

Суретші	*Картина атауы*
 *И.Шишкин*	*"Жазғы пейзаж"*
К.Коровин	*"Қайыңдар арасында"*

 А.Айвазовский	***"Теңіз толқындары"***
 С.Шевченко	***"Туған жер"***

2-тапсырма. Дұрыс жауапты таңда (сұраққа жауап бер).

Сұрақ: *Қай суретші табиғаттың сұлулығын өте жақсы көрсеткен және пейзаж жанрында ерекше танымал болып табылады?*

А) И. Шишкин
Ә) П. Пикассо
Б) В. Модильяни
В) К. Коровин

3-тапсырма. Дұрыс жауапты түсіндір(сұраққа ауызша жауап бер).

Сұрақ: *Суретші И. Шишкиннің пейзаждары қандай ерекшеліктермен ерекшеленеді? Оның қандай шығармалары белгілі?*

18-сабақ

Әлем халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері

Мақсты: 5.1.2.1 ұлттық сәндік-қосалқы өнер туралы түсінік болу.

1-тапсырма. Сәйкестендір (Ұлттық сәндік-қосалқы өнер мен оның түрлерін сәйкестендіру)

Сәндік-қосалқы өнер түрі	**Елі**
Көркемдік тоқымашылық	Ресей
Мозаика	Қазақстан
Вышивка	Италия

Керамика	Қазақстан
Киіз басу	Қытай

2-тапсырма. Дұрыс жауапты таңда. (сұраққа жауап беру)
Сұрақ: *Қазақстанда қандай сәндік-қосалқы өнер түрі кең таралған?*

А) Мозаика
Ә) Көркем тоқымашылық
Б) Вышивка
В) Керамика

3-тапсырма. Ауызша түсіндір.
Сұрақ: *Киіз басу өнері туралы не білесің? Бұл өнер түрі Қазақстанда қалай қолданылады?*

4-тапсырма.Сурет салу. Бір ұлттық сәндік-қосалқы өнер түрі туралы сурет салу ұсынылады (мысалы, қазақтың киізі немесе ою-өрнектер). Суретті салғаннан кейін, оның қандай мағынаға ие екенін қысқаша түсіндір.

Сәндік – қолданбалы өнер

19 – сабақ
Сезімдерді білдіру мен идеяларды қолдану

Мақсаты: *5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу.*

1-тапсырма.Эмоцияларға қарап,іс-әрекеттерін жаз.

Эмоция	***Іс-әрекеттері***

2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып,өз түйгеніңді суретке сал.

Айжан өте қуанышты болды, себебі ол армандаған жұмысқа қабылданды. Онымен бірге достары да қуанып, той жасап жатыр. Бірақ бір сәтте ол басқа бір танысының бетінде неге өкініш пен реніш бар екенін байқады. Айжан оны жай ғана сұрап көргенде, ол танысы жұмысқа қабылданбағанын айтып, өз сезімдерімен бөлісті. Айжан өзінің қуанышымен бөлісе алса да, танысының ауыр сезіміне өте түсіністікпен қарады. Бұл сәтте Айжан өз эмоцияларының әртүрлі жағдайларда қалай өзгеретінін түсінді: бір уақытта бақытты бола отырып, басқалардың қайғысын да сезіне алатын қабілет.

2 – бөлім «Шығармашылық туындыларды жарату және жасау»

20 – сабақ

Сәндеп сурет салу

Мақсаты: *5.2.1.2 сурет контурын сақтай отырып, өрнек элементтерін бояу; 5.2.1.3 шаблондарды қолдана отырып, қазақ өрнектерін жасау.*

1-тапсырма. Өрнек элементтерін бояу. Дайын контурлы өрнек суреттері берілді. Осы суреттердегі өрнек элементтерін өз қалауы бойынша түстермен бояулары қажет.

Өрнек түрі	***Бояу түстері***
Геометриялық өрнек	Қызыл,сары,көк,жасыл
Құстар мен гүлдер өрнегі	Қоңыр,жасыл,қызыл
Қазақтың дәстүрлі өрнегі	Көк,сары,ақ

2-тапсырма. Шаблонды қолдану арқылы қазақ өрнегін жасау. Қазақтың дәстүрлі өрнектерінің шаблондары беріледі. Осы шаблондарды пайдаланып, өрнекті өздеріне ұнайтын түстермен бояп, жаңа өрнек композициясын жасау керек.





21 – сабақ
Тақырыптық сурет салу

Мақсаты: 5.2.3.1 үлгіге қарап мерекеге арналған ашық хатты дайындау; 5.2.2.2 көріп бақылау немесе оқу арқылы алған сезімдердің суретке түсіре білу.

1-тапсырма. Анаңның туылған күніне арнап құттықтау қағазын жаса.

2-тапсырма. Осы суретке назар аударып, өз эмоцияңды көрсет.

22-сабақ
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу

Мақсаты: 5.2.3.1 жеке бақылауларын суретке түсіре білу;
5.2.3.2 суретте бейнеленетін заттардың салыстырмалы көлемін көрсете білу.

1-тапсырма. Түстерді қолдану арқылы көлемді көрсет. Әртүрлі көлемдегі үш зат (мысалы, үлкен кубик, орташа шар және кіші жәшік) көрсетіп, осы заттарды түстер мен көлеңкелер арқылы көлемін көрсету үшін сурет сал.



2-тапсырма. Артығын тап.

23 – сабақ
Бейнелеу өнерінің тәсілдері

Мақсаты: 5.2.4.1 әр түрлі көлемді қыл қаламмен жұмыс істей білу, қыл қаламның ұшымен немесе толық көлемімен сурет салу;
5.2.4.2 көрініс объектісін талдай білу: пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстыру;
5.2.4.3 қол жетімді құралдарды қолдана отырып, зат көлемін көрсету;
5.2.4.4 түстің айқындығын бояуға су қосу арқылы әлсірету;
5.2.4.5 сурет салуда бірізділікті сақтау;
5.2.4.6 суретте заттың пішінін, құрылымын, үйлесімділігі мен түсін бере білу;
5.2.4.7 симметриялық пішінді заттардың суретін салу барысында ортаңғы сызық бойымен жұмыс істей білу.

1-тапсырма. Артық суретті тап.

2-тапсырма. Симметриялық суретті жалғастыр.



24-сабақ.
Жоспарлау

Мақсаты: *5.2.4.1 өрнектің суретін салу кезінде біріздiлікті сақтау;*
5.2.4.2 сурет салу кезінде біріздiлікті сақтау.

1-тапсырма. Өрнек пен суретті біріктір. Өрнек элементтерін пайдаланып, табиғат көрінісін сал (тау, орман және т.б.)

2-тапсырма. Ойлау және шығармашылық дағдыларды дамыт. Өрнек және бейнелерді зерттей отырып, тақырыпқа байланысты өз суретіңді жаса.

3-тапсырма. Сурет салу кезінде бірізділікті сақта. Бір суреттің ішінде бірнеше элементтерді бірізділікпен орналастыру (мысалы, ағаштың бұтақтарын салу)



3 – бөлім «Шығармашылық жобалау»

25-сабақ
Презентация

Мақсаты: *5.3.1.1 өз жұмысының (сызба, сурет) мазмұны, тәсілін, орындалуын түсіндіре отырып, таныстыру;*
5.3.1.2 жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау.

1-тапсырма. Кестені толтырыңыз. Өзіңіздің жасаған жұмысыңыз туралы ақпарат жазыңыз.

Сурет атауы	Қолданылған материалдар	Орындау тәсілі	Қиындықтары	Жұмыс сапасы туралы пікір

2-тапсырма. Сәйкестендіру тапсырмасы

№	Терминдер	Анықтамалар
1	Композиция	а) Суреттің бояу арқылы берілу тәсілі
2	Пропорция	б) Заттардың өлшемдік сәйкестігі
3	Палитра	в) Суреттің көркемдік ұйымдастырылуы
4	Техника	г) Қолданылатын бояу мен құралдардың түрлері

3-тапсырма. Артық сөзді белгілеңіз.

- *Қарындаш, бояу, мольберт, кітап.*
- *Портрет, пейзаж, натюрморт, ән.*
- *Қылқалам, бояу, кенеп, сызғыш.*

4-тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңіз.

1. ***Пейзаж*** *– бұл адамның бет-әлпетін бейнелейтін жанр.* ***(Дұрыс/Бұрыс)***
2. *Суретті бояуға су қосу арқылы оның түсін әлсіретуге болады.* ***(Дұрыс/Бұрыс)***
3. *Сурет салуда біріздiлікті сақтау маңызды емес.* ***(Дұрыс/Бұрыс)***
4. *Натюрморт – бұл табиғат көрінісін бейнелеу.* ***(Дұрыс/Бұрыс)***
5. *Презентация жасау үшін өз жұмысыңды түсіндіріп, таныстыру қажет.* ***(Дұрыс/Бұрыс)***

4 – тоқсан

1-бөлім «Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу»

26-сабақ

Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар

Мақсаты: 5.1.1.1 бейнелеу өнеріндегі келесі жанрларды білу: портрет, натюрморт, пейзаж;
5.1.1.2 туындының белгілері мен ерекшеліктеріне байланысты оынң жанрын анықтау;
5.1.1.3 әйгілі суретші-пейзажисттерді білу;
5.1.1.4 композиция туралы түсінігі болу.

1-тапсырма. Бейнелеу өнерінің жанрларын анықтау тапсырмасы
Оқушыларға әртүрлі бейнелеу өнері туындылары көрсетіледі (портрет, натюрморт, пейзаж). Әр суреттің жанрын атау қажет.

	Натюрморт
	Портрет
	Пейзаж

2-тапсырма. «Пейзажды бейнелеу»тапсырмасы. Өз қиялыңнан қысқы пейзажды бейнеле.

3-тапсырма. Келесі пейзажист суретшілерді анықтап, олардың атақты пейзаждарын атаңыз.

Суретші	***Атақты пейзаждары***
Иван Шишкин	*Тәттімбет - Таң алдындағы көрініс*
Константин Коровин	*Мәскеу көкжиектері*
Федор Васильев	*Жазғы бақша*

27 – сабақ
Сезімдерді білдіру мен идеяларды қолдану

Мақсаты: *5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу.*

1-тапсырма. Суреттердегі адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтап, сәйкес жауапты таңдаңыз.

Суреттегі адам	*Эмоционалдық жағдай*
	☐ *Қуаныш* ☐ *Қайғы* ☐ *Ашулану* ☐ *Уайым*
	☐ *Қуаныш* ☐ *Қайғы* ☐ *Ашулану* ☐ *Уайым*
	☐ *Қуаныш* ☐ *Қайғы* ☐ *Ашулану* ☐ *Уайым*
	☐ *Қуаныш* ☐ *Қайғы* ☐ *Ашулану* ☐ *Уайым*

2-тапсырма. Эмоцияны бейнелейтін адамның суретін салыңыз.

Сұрақ:

- ***Қуанышты, қайғылы немесе ашулы адамның суретін салыңыз.***
- ***Әр адамның бет әлпетіндегі өзгерістерді көрсетуге тырысыңыз (күлімсіреу, жылау, ашулану).***
- ***Суретке эмоцияны білдіретін белгілерді қосыңыз (мысалы, көздің, ауыздың қалпы, дене қозғалысы).***

3-тапсырма. Төмендегі кестеден артығын тауып, дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Нысан	***Эмоция***	***Түстер***
Қызыл	***Қуаныш***	***Көк***
Көк	***Ашулану***	***Сары***
Сары	***Қайғы***	***Қызыл***
Жасыл	***Уайым***	***Жасыл***

2 – бөлім «Шығармашылық туындыларды жарату және жасау»

28 – сабақ

Тақырыптық сурет салу

Мақсаты:

5.2.3.1 үлгіге қарап мерекеге арналған ашық хатты дайындау;
5.2.2.2 көріп бақылау немесе оқу арқылы алған сезімдердің суретке түсіре білу;
5.2.2.3 ұшақтың суретін салу.

1-тапсырма. Берілген суретті акварель бояуымен боя.



2-тапсырма. Төмендегі ертегіні оқып, кейіпкерлердің эмоциясын сурет арқылы бейнеле.

Бір қасқыр тамақ іздеп келе жатып, құрулы тұрған қақпаға түсіп қалады. Олай жұлқынып, бұлай жұлқынып зорға құтылады. Қашып бара жатқанында оны аңшылар байқап қалып, соңынан тұра қуады. Қасқыр сасқалақтап бір егіншіге келіп жайын айтады:

- *Қайтсең де мені құтқар, жақсылығыңды еш ұмытпаспын, мені қабыңа салып, жасыра тұр, - дейді.*

Қасқырдың мүшкіл халін көрген егінші оны қапқа салып алып, арқалап жүре береді. Кешікпей, мылтық, қылыштарын жарқылдатып аңшылар жетеді. Қашып бара жатқан қасқыр көрмедің бе? – деп сұрайды олар.

Жаңа бір қасқыр анау шоқыдан әрі асып кетті, тезірек ұстаңдар, - дейді. Аңшылар ұзаған соң егінші қаптың аузын шешіп, қасқырға «жөніңе бар, кейін маған бір жақсылық етерсің» дейді. Қасқыр қуанып секіріп шығып, егіншіге: Мен сені жеймін, қарным аш, - деп тап береді.

Егінші байғұс сасқалақтап: Әй, қасқыр, мұның қалай, мен сені өлімнен құтқардым ғой? Жақсылыққа жамандық ете ме екен? Олай болса төрелігін біреуден сұрайық, қайсымыздікі жөн екен, - дейді.

Екеуі керісіп тұрғанда бір жақтан қаңғалақтап түлкі келеді. Бұлар түлкіге оқиғаны бастан-аяқ айтып береді. Түлкі: Жоқ сөзді айтпаңдар, менен басқа біреу естісе күліп жүрер. Дорбаға үлкен қасқыр сыйды дегенге нанбаймын, барып тұрған өтірік, - дейді.

Қасқыр мен егінші «бұл рас» деп керісіп болмайды. Түлкі қасқырға: Қапқа кіріп көрсетпесең, сенбеймін, - дейді. Қасқыр оны сендірмекші болып қапқа

кіргенде, түлкі егіншіге: Байла қаптың аузын, енді қимылдайтын кезің келді. Күзде егінді қалай орып жүрсің? Кәне, көрсетші маған, - дейді.

Егінші құралын алып, қасқырды ұра бастайды. Біраздан соң түлкі: Егінші, енді қаптың аузын аш, - дейді. Сонда қасекең атып шығып, алды-артына қарамай зыта жөнеледі. Артынан түлкі:Көптен бері тапқан бір әдісім еді, - деп сақ-сақ күліпті. Сөйтіп, егінші байғұс түлкінің айласымен ажалдан құтылыпты.

29-сабақ
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу

Мақсаты:
5.2.3.1 жеке бақылауларын суретке түсіре білу;
5.2.3.2 суретте бейнеленетін заттардың салыстырмалы көлемін көрсете білу.

1-тапсырма. Сурет салу үшін затты дұрыс таңдаңыз.
Нұсқаулық: *Төмендегі заттардың бірін таңдап, оған қарап сурет салыңыз. Суретте заттың нақты көлемін көрсетуге тырысыңыз.*

№	Заттың атауы	Сипаттамасы
1	Алма	Қызыл немесе жасыл алма, домалақ пішінді.
2	Кітап	Тікбұрышты, сыртқы мұқабасы бар кітап.
3	Сыртқы қалам	Ұзын және жұқа, жазу құралы ретінде пайдалануға арналған.
4	Портфель	Жақсы бекітілген, төртбұрышты пішіндегі сөмке.

№1	**№2**
№3	**№4**

2-тапсырма. Заттың көлемін салыстыру
Нұсқаулық: *Төмендегі үш заттың көлемін салыстырып, олардың бір-бірімен салыстырмалы көлемін суретте көрсетіңіз.*

№	Заттың атауы	Сипаттамасы
1	Үлкен құмыра	Жоғары, кең, дөңгелек пішінді, үлкен көлемі
2	Кіші шыны бокал	Жұқа, кішірек, көлемі әлдеқайда аз.
3	Орташа мөлшердегі қорап	Тікбұрышты, орташа көлемді объект.

Сұрақ:

- *Бұл заттардың көлемін салыстыру кезінде қандай техникаларды қолдана аламыз?*
- *Кішкентай және үлкен заттардың пропорцияларын дұрыс көрсету үшін қандай әдіс қажет?*

30 – сабақ
Бейнелеу өнерінің тәсілдері

Мақсаты: 5.2.4.1 әр түрлі көлемді қыл қаламмен жұмыс істей білу, қыл қаламның ұшымен немесе толық көлемімен сурет салу;
5.2.4.2 көрініс объектісін талдай білу: пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстыру;
5.2.4.3 қол жетімді құралдарды қолдана отырып, зат көлемін көрсету;
5.2.4.4 түстің айқындығын бояуға су қосу арқылы әлсірету;
5.2.4.5 сурет салуда біріздiлікті сақтау;
5.2.4.6 суретте заттың пішінін, құрылымын, үйлесімділігі мен түсін бере білу;
5.2.4.7 симметриялық пішінді заттардың суретін салу барысында ортаңғы сызық бойымен жұмыс істей білу.

1-тапсырма. Төмендегі заттар мен олардың сипаттамаларын салыстырып, дұрыс сәйкестіктерді табыңыз.

Заттың атауы	Сипаттамасы
Пейзаж	Тек тірі табиғат элементтері мен адамдар бейнеленетін сурет
Натюрморт	Көбінесе жемістер, гүлдер, күнделікті заттар салынатын сурет
Портрет	Адамдардың бет-әлпеттері мен эмоциялары көрсетілген сурет

2-тапсырма. Артығын тап.

3-тапсырма. Төмендегі тұжырымдарды оқып, дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

1. *Пейзаж жанры тек табиғат көріністерін бейнелейді. (Дұрыс / Бұрыс)*
2. *Натюрморт жанрында тек адамдар мен жануарлар бейнеленеді. (Дұрыс / Бұрыс)*
3. *Портрет жанры адамның тұлғасын, эмоцияларын көрсетеді. (Дұрыс / Бұрыс)*
4. *Пейзаж жанры тек қалалық көріністерді қамтиды. (Дұрыс / Бұрыс)*

Сұрақ: *Дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеп, себептерін түсіндіріңіз.*

31-сабақ
Жоспарлау

Мақсаты: *5.2.4.1 өрнектің суретін салу кезінде біріздiлікті сақтау;*
5.2.4.2 сурет салу кезінде біріздiлікті сақтау.

1-тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңыз. Өрнек салу кезеңдерінің дұрыс ретін анықтаңыз.

№	Кезеңдер
1	Қарындашпен суреттің негізгі құрылымын белгілеу
2	
3	
4	Дайын өрнекті безендіру, түстерді толықтыру

Сұрақ: *Бос орындарға өрнек салу кезеңдерін дұрыс орналастырыңыз.*

2-тапсырма. Төмендегі әрекеттерден өрнек салу кезінде қажет емесін белгілеңіз.

- ***Өрнек элементтерін ойластыру***
- ***Қарындашпен үлгі жасау***
- ***Күнделікті тұрмыстық заттарды бояу***
- ***Түстерді біріздiлікпен бояу***

Сұрақ: *Өрнек салуға қатысты емес әрекетті таңдаңыз және себебін түсіндіріңіз.*

3-тапсырма. Төмендегі өрнек түрлері мен олардың сипаттамаларын сәйкестендіріңіз.

Өрнек түрі	Сипаттамасы
Геометриялық	Табиғат көріністерінен алынған өрнек
Өсімдік өрнегі	Әр түрлі фигуралар мен сызықтардан құралған өрнек
Зооморфтық	Жануарлар бейнесінен алынған өрнек

Сұрақ: *Өрнектер мен сипаттамаларды дұрыс сәйкестендіріңіз.*

4-тапсырма. Төмендегі тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

1. *Өрнек салу кезінде түстерді реттілікпен қолдану керек. (Дұрыс / Бұрыс)*
2. *Өрнек құрастыру үшін тек дайын үлгілерді қолдану қажет. (Дұрыс / Бұрыс)*

3. *Сурет салу кезінде әртүрлі кезеңдерді сақтау маңызды. (Дұрыс / Бұрыс)*
4. *Геометриялық өрнектерде өсімдіктердің суреттері қолданылады. (Дұрыс / Бұрыс)*

Сұрақ: *Дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеп, түсіндіріңіз.*

32 – сабақ

Жыл бойы оқыланды қайталау

1. Бейнелеу өнеріндегі «портрет» жанры нені білдіреді?

A) Табиғатты бейнелеу
B) Адамның бейнесін салу
C) Үй жануарларын суреттеу
D) Үстел үстіндегі заттарды салу

2. Пейзаж – бұл:

A) Табиғат көрінісін бейнелеу
B) Қала өмірін суреттеу
C) Жануарларды бейнелеу
D) Әдемі киімдерді салу

3. Натюрморт дегеніміз не?

A) Қозғалыстағы адамдардың суреті
B) Үй жануарларының суреті
C) Заттардың композициялық орналасуы
D) Қала пейзажы

4. Композиция дегеніміз не?

A) Сурет салудың құралдары
B) Кез келген затты бояу
C) Суреттегі элементтердің дұрыс орналасуы
D) Текше мен шарды салу

5. Өнердің негізгі түрлерінің бірі – ...

A) Кескіндеме
B) Ән айту
C) Би
D) Мүсін жасау

6. Жылы түстер қатарына қайсысы жатады?

A) Көк, жасыл, күлгін
B) Қызыл, сары, қызғылт сары
C) Ақ, қара, сұр
D) Көк, қоңыр, сұр

7. Суық түстерге қайсысы жатады?

A) Қызыл, сары, қызғылт сары
B) Көк, жасыл, күлгін
C) Ақ, қара, сұр
D) Жасыл, қоңыр, қызыл

8. Кескіндеме өнерінде негізгі түстер қандай?

A) Қызыл, көк, сары
B) Қара, ақ, сұр
C) Қоңыр, жасыл, қызғылт
D) Күлгін, жасыл, көк

9. Заттың жарық түскен және көлеңкелі бөлігін салу не үшін қажет?

A) Суретті жандандыру үшін
B) Түрлі-түсті бояу үшін
C) Көлемін анық көрсету үшін
D) Қызықты болу үшін

10. Қандай құралмен су бояуларын қолданамыз?

A) Қарындашпен
B) Тушьпен
C) Қылқаламмен
D) Қайшымен
11. Қай сурет жанрында табиғат бейнеленеді?
A) Портрет
B) Пейзаж
C) Натюрморт
D) Абстракция
12. Сурет салу үшін қолданылатын негізгі құрал?
A) Өшіргіш
B) Қарындаш
C) Сызғыш
D) Кітап
13. Өнердің түрлеріне не жатады?
A) Би, музыка, кескіндеме
B) Тек қана сурет салу
C) Математика және ғылым
D) Ойындар мен спорт
14. Жарық пен көлеңке не үшін қажет?
A) Түсті анықтау үшін
B) Суретке шынайылық беру үшін
C) Қызықты болу үшін
D) Ойынға қосу үшін
15. Сызықтың қандай түрлері бар?
A) Түзу, қисық, үзік
B) Қызыл, сары, жасыл
C) Үлкен, кіші, орташа
D) Жарқын, қараңғы, ақшыл
16. Композиция құрастыруда басты нәрсе не?
A) Заттардың орналасуы
B) Түстердің араласуы
C) Текше мен шарды салу
D) Үлкен сурет салу
17. Ашық түстер қайда қолданылады?
A) Көңілді, жарқын суреттерде
B) Қараңғы бөлмеде
C) Ескі кітаптарда
D) Ескерткіштерде
18. Су бояуымен сурет салған кезде не пайдаланады?
A) Қарындаш
B) Акварель бояуы
C) Маркер
D) Қайшы
19. Түсті әлсірету үшін не қосамыз?
A) Ақ бояу немесе су
B) Қара бояу
C) Көк бояу

D) Сары бояу

20. Қандай құралсыз сурет салу мүмкін емес?

A) Қарындаш

B) Кітап

C) Өшіргіш

D) Қайшы

21. Портрет дегеніміз не?

A) Адам бейнесі

B) Табиғат көрінісі

C) Үй заттары

D) Ғимараттар

22. Бейнелеу өнерінің қандай түрі бар?

A) Графика, мүсін, кескіндеме

B) Би, ән, театр

C) Жаратылыстану, математика

D) Физика, химия

23. Суреттегі басты элементтердің дұрыс орналасуын не дейді?

A) Композиция

B) Түс үйлесімі

C) Сызық

D) Перспектива

24. Натюрмортта көбінесе не бейнеленеді?

A) Табиғат көрінісі

B) Адам бейнесі

C) Ыдыс-аяқ, жеміс-жидек, гүлдер

D) Көлік

25. Қылқаламмен жұмыс істегенде бояуды қалай жағу керек?

A) Жеңіл және тегіс

B) Күшпен басу

C) Қаламсаппен жазғандай

D) Тек қалың қабат жағу

26. Заттың көлеңкесі қай жақта орналасады?

A) Жарық түскен жерінде

B) Жарық түспеген жерде

C) Кез келген жерде

D) Тек суреттің ортасында

27. Қандай түстер жылы түстерге жатады?

A) Қызыл, сары, қызғылт сары

B) Көк, жасыл, күлгін

C) Қара, сұр, ақ

D) Қоңыр, көк, жасыл

28. Суреттегі ең қараңғы бөлігі қалай аталады?

A) Жарық

B) Көлеңке

C) Контур

D) Фон

29. Түстердің үш негізгі тобы қандай?

A) Жылы, суық, бейтарап

B) Ашық, қою, қоңыр
C) Үлкен, кіші, орташа
D) Түзу, қисық, үзік
30. Кескіндеме қандай материалмен жасалады?
A) Бояулар
B) Көмір
C) Қаламсап
D) Қағаз
31. Суретші жұмысты неден бастайды?
A) Композицияны ойлаудан
B) Бояу таңдаудан
C) Қағаз жыртудан
D) Суретті бояудан
32. Түстердің үйлесімділігін зерттейтін ғылым қалай аталады?
A) Колористика
B) Геометрия
C) Астрономия
D) Археология
33. Графикада қандай құралдар қолданылады?
A) Қарындаш, тушь, қалам
B) Бояулар
C) Акварель
D) Пластилин
34. Перспектива дегеніміз не?
A) Алыстаған заттардың кішірейіп көрінуі
B) Сызықтың біркелкі болуы
C) Текше салу әдісі
D) Қылқаламмен бояу
35. Табиғатты бейнелейтін жанр қалай аталады?
A) Пейзаж
B) Портрет
C) Натюрморт
D) Комикс
36. Ашық және қою түстерді пайдалану не үшін қажет?
A) Көлем мен тереңдікті көрсету үшін
B) Суретті бояу үшін
C) Жарықты сөндіру үшін
D) Композицияны бұзу үшін
37. Бояудың суға еру қасиеті қандай техникада қолданылады?
A) Акварель
B) Гуашь
C) Майлы бояу
D) Тушь
38. Қарама-қарсы түстер қатарын атаңыз:
A) Қызыл – жасыл, көк – сары
B) Қара – сұр, ақ – көк
C) Ақ – қызғылт, көк – қоңыр
D) Қара – ақ, қызыл – сары

39. Сурет салуда штрихтау не үшін керек?
A) Көлеңке мен жарықты көрсету үшін
B) Бояу араластыру үшін
C) Қағазды әшекейлеу үшін
D) Композицияны құру үшін
40. Заттың формасын анықтауда не маңызды?
A) Контур сызығы
B) Түсі
C) Фоны
D) Өлшемі
41. Композиция дегеніміз не?
A) Суреттің бөліктерінің орналасуы
B) Тек түстерді таңдау
C) Қағазды бояу
D) Қарындашпен штрихтау
42. Суық түстер қатарын атаңыз:
A) Көк, жасыл, күлгін
B) Қызыл, сары, қызғылт сары
C) Қара, сұр, қоңыр
D) Ақ, жасыл, қызыл
43. Суретте фон дегеніміз не?
A) Суреттің артқы жағы
B) Заттардың көлеңкесі
C) Суреттің басты бөлігі
D) Шеңбердің түсі
44. Натюрморт салу үшін қандай заттар қажет?
A) Жемістер, ыдыстар, гүлдер
B) Адам бейнесі
C) Ғимараттар
D) Машиналар
45. Симметрия дегеніміз не?
A) Заттың екі жағының бірдей болуы
B) Түстердің біркелкілігі
C) Қою түстерді қолдану
D) Заттардың әртүрлілігі
46. Кескіндемеде түстер қалай бөлінеді?
A) Негізгі және қосымша
B) Жеңіл және ауыр
C) Үлкен және кіші
D) Тік және көлденең
47. Бояудың ашықтығын қалай өзгертеміз?
A) Су қосу арқылы
B) Қара бояу қосу арқылы
C) Қарындашпен сызып қою арқылы
D) Бояуды құрғату арқылы
48. Бояуларды араластыру арқылы қандай түстер алуға болады?
A) Қосымша түстер
B) Негізгі түстер

C) Қара және ақ
D) Түссіз бояу
49. Графика өнерінде қандай техника қолданылады?
A) Қарындаш, тушь, қалам
B) Майлы бояу
C) Гуашь
D) Акварель
50. Өнер дегеніміз не?
A) Әлемді сұлулық арқылы тану
B) Ойын ойнау
C) Тек сурет салу
D) Ғылымды зерттеу

Жыл бойы оқығанды қайталау тестінің жауаптары:

2. A
3. A
4. A
5. C
6. A
7. B
8. A
9. B
10. A
11. A
12. A
13. A
14. A
15. A
16. A
17. A
18. A
19. A
20. A
21. A
22. A
23. A
24. A
25. C
26. A
27. B
28. A
29. B
30. A
31. A
32. A
33. A
34. A
35. A
36. A
37. A
38. A
39. A
40. A
41. A
42. A
43. A
44. A
45. A
46. A
47. A
48. A
49. A
50. A
51. A